

2012 жылға арналған Мағжан Жұмабаев ауданы аумағында халықтың мақсаттық тобына жататын тұлғалардың қосымша тізімін орнату туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев атындағы аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 4 қаңтардағы 01 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 27 қаңтарда N 13-9-148 тіркелді. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімі аппаратының 2013 жылғы 11 қаңтардағы N 02-06\05-07/25 хаты)

Ескерту. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімі аппаратының 11.01.2013 N 02 -06\05-07/25 хаты)

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабы 1-тармағы 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 5-бабы 2-тармағына, 7-бабы 2) тармақшасына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Мағжан Жұмабаев ауданы аумағында халықтың мақсаттық тобына жататын тұлғалардың қосымша тізімі орнатылсын:

- 1) колледждер мен кәсіби лицейлердің түлектері;
- 2) 21 (жиырма бір) жастан 29 (жиырма тоғыз) жасқа дейінгі жастар;
- 3) 50 (елу) жастан асқан жұмыссыз тұлғалар;
- 4) он екі ай және одан да артық жұмыс істемеген тұлғалар;
- 5) Семей ядролық полигонда жүргізілген сынақтардың нәтижесінде зардап шеккен тұлғалар, Чернобыль атомдық электр станциясын жоюға қатысқандар;
- 6) мамандығы жоқ тұлғалар, жұмыс іздеушілер.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары **Ж.Т.Есдәулетовке** жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012 жылғы 1 қаңтардағы пайда болған құқықтық қатынастарға таралады.

Аудан әкімі

В. Бубенко

